

**Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 282 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 сәуірде № 5546 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 3 наурыздағы № 348 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 03.03.2020 № 348 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 - бабының 6-тармағына және 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл аудандық

мәслихатының кезекті

сессиясының төрайымы

С. Руденко

Ұзынкөл аудандық

мәслихатының хатшысы

В. Вербовой

**Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл  
ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына  
қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл ауылдық округінің Белоглинка ауылының тұрғындарына	26
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл ауылдық округінің Комендантское ауылының тұрғындарына	4
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл ауылдық округінің Красный Борок ауылының тұрғындарына	9

Мәслихаттың  
2015 жылғы 20 наурыздағы  
№ 282 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл  
ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық  
жиындарын өткізудің қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Петропавл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындардың өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39 - 3 – бабының 6 - тармағына, 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Петропавл ауылдық округі ауылдары тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Петропавл ауылдық округінің аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

**2. Бөлек жиындарды  
өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Петропавл ауылдық округінің әкімі шақырады.

Ұзынкөл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Петропавл ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Петропавл ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Петропавл ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Петропавл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Петропавл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Петропавл ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Ұзынкөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Петропавл ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Петропавл ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.